

«Айгерім» балабақшасы.

Дөңгелек үстел:

«Ата-ана –бала бағбаны.»

Ересек тобы

Тәрбиеші: Жалелова Т.

2019ж

Бекітемін:



Әдіскер : Досекешова Қ.

Тақырыбы: «Ата-ана –бала бағбаны.»

Дөңгелек үстелдің мақсаты: Ата-аналардың балабақшамен тұрақты байланысын орнату, баланың жан –жақты дамуына , оның жеке тұлға болып қалыптасуына отбасылық ықпалдың алатын орнының ерекеше екендігін түсіндіру және ата –ананың салауатты ұрпақ тәрбиелеудегі рөлін дамыту.

Әдістері: амандасу, пікір алмасу ,жағдаяттар.

Барысы:

Құрметті ата-аналар , ұстаздар !Бүгінгі « Ата –ана –бала бағбаны» тақырыбында өтетін дөңгелек үстелге қош келдіңіздер.

Кіріспе :

Құрметті ата-аналар!Отбасы адам баласының түп қазығы , алтын ұясы . Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап , сол ортаның ыстық суығына бейімделіп , осында ер жетеді.Әке шаңырақ иесі , ана -отбасының ұйтқысы.Баланы өсіріп тәрбиелеу-ата ананың міндеті. Бала әкеден ақыл , анадан мейрім алады. Халық даналығы « Ұяда не көрсен ,ұшқанда соны ілесің» «Әке көрген оқ жанар , шеше көрген тон пішер»десе ұлы Абай «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл , ғылым, ар мінез деген нәрселермен озады деп түйіндейді.

Ал атақты физиолог И. Павлов « Әрбір баланың мінез –құлқы ата -анасының жағымды іс-әрекетінен үлгі алу барысында қалыптасады» деп тұжырымдайды. Баланың алғашқы адами құндылықтары әрине отбасында қалыптасады.Ата –ана бала үшін ең бірінші үлгі тұтар адамы, өзін көретін айнасы. Балаға білім беруде басты тұлға тәрбиеші болса , оны жалғастырушы ата-ана.

«Тілек айту» Мына шарды жарып, ішіндегі әріптерден басталатын бір-бірімізге тілек сөздер айтуымыз керек. Мысалы: күндей нұрлы болыңыз! т.б.

« Мен тамаша адамын»(Тренинг)

(Өр ата-ана өзін көрсетіп , басқа адамдар біле бермейтін өз бойындағы жақсы қасиеттері, қабілеттері туралы мақтау сөздер айтып таныстыру мүмкіндігі беріледі).



«Айгерім» балабақшасы.

Ата-аналар жиналысы:

« Нені біліп ,не үйрендік»

Ересек топ тәрбиешісі:

Жалелова Т.

2019 ж

Тақырыбы: «Не білдік, не үйрендік»

Балалармен қысқа – ұзын, көлемді, пішінді, түстерді ажырата білуді қайталау, 1–20ға дейін санау, ертегі кейіпкерлерді атауды, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды білімдерін бекіту. Жапсыру оқу қызметінде желімді ұқыпты пайдалануға үйрету. Өріптермен таныстыру. Жауап және жөніске дыдыстарды атап үйрету. Өріптерді ұқыпты жазуға дағдыландыру.

Білімділік: Балалардан жыл бойы өткен білімдерін бекіту. Балалардың сөздік қорын молайту, сұраққа түсініп, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Дамытушылық: Тіл мәдениетін, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Оқу – қызметінде дұрыс отыруға, ойын шартын орындауға, сыйластыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Әдістемелік әдіс – тәсілдер: Түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелеу, ойын жаттығулары.

Шаттық шеңбері: Шеңбер болып тұрайық.

Алақанды ашайық.

Күннің нұрын шашайық.

Таза ауаны жұтайық

Жүрекке жылу жинайық

Жинаған жылу шуақты

Қонақтарға шашайық.

Тәрбиеші: Ия, балалар бізде бүгін ерекше оқу – іс әрекеті. Біздерге көптеген қонақтар келіп отыр. Қане балалар қонақтармен амандасайық. Сәлеметсіздерме!

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- Көктем
- Көктем мезгілінде неше ай бар?
- Үш ай
- Қане балалар атайықшы
- Наурыз, Сәуір, Мамыр
- Қазіп қай ай?
- Мамыр
- Бір аптада неше күн бар?
- Жеті күн бар
- Қане балалар апта күндерін атайықшы
- Дүйсенбі, Сейсенбі, Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма, Сенбі, Жексенбі.
- Балалар біз қай күндері демаламыз?
- Сенбі, Жексенбі
- Кім маған апта күндері туралы тақпақ айтып береді?

Дүйсенбіде доп ойнадық далада
Сейсенбіде серуен құрдық аулада
Сәрсенбіде серуен құрдық қалада
Бейсенбіде би биледік әндетіп
Жұма күні жидек тердік қыратта
Сенбі күні кино көрдік клубта
Жексенбіде үйде болып демалдық
Осылайша өте шықты бір апта.

- Өте жақсы балалар!
- Балалар көктем мезгілінде ауа – райы қандай болады?
- Жылы

«Айгерім» балабақшасы.

Баяндама:

**« Бала тәрбиесіндегі
отбасы мүшелерінің әсері»**

Ересек топ тәрбиешісі:

Жалелова Т.

2019 ж

Бала тәрбиесіндегі отбасы мүшелерінің әсері.

Қоғам үшін әр кезеңде, әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл – қыздардың дені сау, рухани бай, еңбекке, білімге құштар болып өсуі – ең жоғарғы тілек, ең биік мақсат. Оның қуат алатын қайнар бастауы отбасы. Отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата – ана тәрбиесінің орнын ешнәрсе алмастыра алмайды. Отбасы – өмірге сәби әкеліп, оны тәрбиелеп, қалыптастыруда және ұрпақ жалғастыруда теңдесі жоқ орын.

Отбасы – баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.

Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру. Еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру. Өзіне – өзі қызмет етуге үйрету.

Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым – қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету.

Әдебиетке, мәдениетке, өнерге тәрбиелеу жүзеге асу үшін бала дүниеге келген күннен бастап отбасында, қоғамдық орындарда, мектепте тәлім – тәрбие беріледі.

Сай ұста «Баланы жастан», «Үяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» деген даналық сөздердің мағынасы өте терең. Себебі, есейіп кеткен соң баланың теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын. Осы кезде «Балаңыздың тәрбиесін бастамас бұрын, өзіңіздің мінез – құлқыңызды, өмірге көзқарасыңызды ой елегінен өткізіп, бақыладыңыз ба?» деген сауал туады.

Ұлы педагог А. С. Макаренко: «Балалардың алдында беделді болуды қаламайтын ата – ана жоқ. Бірақ қалай, қай бағытта өнеге беріп, өсіріп келе жатқанын ойламастан, бала санасын рухани өктемдік жасап тәрбиелейтін ата – ана баршылық. Бұл беделді болудың қандай жолы? Мұндай жолмен келген адал баланың санасы жетілгенде өздігінен жойылады» деген.

Отбасы – барлығының басы, жан – жақты дамуының негізі болатын тәрбие институты. Отбасындағы ата – ана мен баланың қарым – қатынас нәтижесінде, адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгілері қалыптасады. Ал әке мен шеше – баланың алғашқы тәрбиешілері.

Ата – аналар бала бақытының шынай бағбаны болуы тиіс.

Бала бақыты – білімде. «Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сықылды, не жасаса да келістіріп жасайды», – деген А. Байтұрсынов.

Балаларымыз болашағымыз, бала тәрбиесі еліміздің әлеуметтік дамуының, құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі болашақ, яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды, назар салатын басты мәселенің бірі.

Біздің мемлекетіміз бүгінгі таңда әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерін жаңа заманға сай жасаушы мемлекет.

Мемлекетіміз келешекте жас ұрпақтың еліміздің азаматы болуы үшін денсаулығына, отбасына, ойынға, білімге деген құқықтарын толығымен қуаттап, қабілеттерін барынша жүзеге асыру және үлкен жетістіктерге жетуде табанды болуын қалайды.

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында ала, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады.

Отбасы адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады: оның бірі – дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі – дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру.



«Айгерім» балабақшасы.

Кеңес:

**« Бала бойында өзін –өзі
бағалауды қалыптастыру»**

Ересек топ тәрбиешісі:

Жалелова Т.

2018 ж

Бала бойында өзін-өзі бағалауды қалыптастыру.

Баланың өзін-өзі бағалауын қалыптастыру мәселелері – оның тұлғасын дамытуы анықтайтын маңызды мәселе. Осы өзін-өзі бағалау адамға әртүрлі өмірлік жағдайларда белсенді таңдау жасауға, оның ұмтылыстары мен құндылықтары деңгейін анықтауға көмектеседі.

Өзін-өзі бағалаудың оңтайлы құрылымын қалыптастырудың маңызды міндеті балада өзі жайлы жіктемелі, терең де нақты білімін, өзін бағалауда әртүрлі мінез-қасиеттері пайдалана білу икемділігін, бағаланатын қасиеттердің мазмұнын дұрыс түсіне білуін дамыту болып саналады.

Адам бірнеше жағдайда болуына байланысты адам болады. Өзін-өзі бағалау ең маңызды болып саналады. Ол балада қоршаған орта деңгейіне ғана емес, субъективті жеке бағалауларына да жауап беру қажеттілігін дамытады. Мектепке дейінгі жастағы баланың дұрыс қалыптасқан өзін-өзі бағалауы жеке қасиеттердің жиынтығы емес, өзінің білімі ғана емес, сонымен қатар, белгілі бір тұрақты объект ретінде жеке тұлғаны түсінуге мүмкіндік беретін детерминистік көзқарас.

Өзін-өзі бағалау адамның өз қызметінің бағытын және дәрежесін, қоршаған ортамен, қоғаммен қарым-қатынасын өзі анықтайтын ерікті өзін-өзі реттеу тізбегіндегі орталық байланыс. Бұл күрделі психологиялық құбылыс.


Өзін-өзі бағалау адамның психикалық жаңа мүшелерімен қарым-қатынасы мен қатынастарымен байланысты. Ол барлық іс-әрекеттер мен байланыстардың маңызды факторы болып табылады. Өзін бағалау қабілеті ерте балалық кезеңнен бастау алады, оның одан әрі қалыптасуы мен жақсаруы пәннің барлық өмірінде жүзеге асырылады.


Жеткілікті өзін-өзі бағалау адамның өзгеруіне қарамастан, жағдайдың өзгеруіне қарамастан, адамның өзгермейтіндігін сақтауға көмектеседі. Бүгінгі күні мектепке дейінгі жастағы балалардың өзін-өзі бағалауы мен оның жеке қарым-қатынастарына әсері айқын болып келеді.

Мектепке дейінгі жастағы баланың өзі баланың өзі туралы, өз мотивациясы мен адами қарым-қатынастардағы мұқтаждық туралы хабарлар болу кезеңімен сипатталады. Сондықтан осы кезеңде білім берудің негізін қалайтыны өте маңызды. Балада баға дұрыс баға беруге, өздерінің мүмкіндіктерін және күштерін көрсетуге, мақсаттар, міндеттер мен бағыттарды өз бетінше анықтауға мүмкіндік беретін өзін-өзі бағалау.

Мектепке дейінгі жастағы бала өз өмірінің фактісін түсінуге кіріседі. Шынайы өзін-өзі бағалаудың қалыптасуы балалардың өз дағдыларын, іс-әрекеттерінің нәтижелерін және белгілі бір білімін нақты бағалаудан басталады. Осы кезеңде балалар өздерінің жеке қасиеттерін бағалауда неғұрлым объективті. Олар ересек ересектер оларды бағалайтыны себепті өздерін асыра бағалайды. Ересек адамның бағалауы бойынша, баланың өзі бағалауы үлкен дәрежеде байланысты. Түсіну теріс әсер етеді. Ал бағаланған бағалаулар балаларға өздерінің әлеуетін асыра бағытта беру туралы пікірлерін бұрмалайды. Сонымен бірге, оң бағалаулар қызметте оң рөл атқарады.

Тюмашевтер отбасы





Тегурчиева Анна